



№ 18 (1527)
13 мамыр
2014 жыл

УНИВЕРСИТЕТІ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

ҚАЗҰУ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНА САПАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗБЕК



Мәжілісте бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы ш а р а ғ а дайындық барысына шолу жасады. Оның айтуынша, бүгінде форумды өткізудің



жоспары бекіп, тұжырымдамасы дайындалған. Қатысушылар құрамы нақтыланып, негізгі баяндамашылар да сақадай сай. 250-ден астам қатысушылар тіркеліп, әлемнің 40-тан астам елінен 100 шетелдік ғалым қатысуға ниет білдірген. Сондай-ақ форумға арналған баспа өнімдерінің дизайны жасалып, шетелдік қонақтарды Астана, Алматы қонақүйлеріне орналастыруға дейінгі сұрақтар да шешімін тауып отыр.

Форумға «Еуразиялық алуантүрлілік және тұрақты дамудағы университеттер рөлі» тақырыбы арқау болып отырғаны белгілі. Жиын барысында Ғалым Мұтанұлы көпшілік назарына «Университеттің тұрақты дамуының үлгілік жоспары» ұсынылатынын тилге тиек етті. Үлгілік жоспар 3 негізгі бөлімнен тұрады. Біріншісі – білім беру және ғылыми зерттеулер, екіншісі – инфрақұрылымдар мен қоршаған ортаны басқару, үшіншісі – жасыл энергетика. Аталған бөлімдердің әрқайсысы бағалау шарттары мен индикаторлардан, оларды жүзеге

асырудың шараларынан тұрады. Сандық өлшем көрсеткіштері әрбір бөлімдегі тұрақты даму бойынша өзгеріс қарқынын қадағалауға мүмкіндік береді. Қажет жағдайда келтірілген индикативті көрсеткіштер негізінде университеттің әрбір құрылымдық бөлімі қызметінің рейтингтік бағасы шығарылады. Нәтижесінде университеттің тұрақты дамуы бойынша бәсекелестік орта тұмақ.

Үлгілік жоспарды ұсыну арқылы ҚазҰУ жаһандық хаб ретінде БҰҰ-ның тұрақты дамуға байланысты бағдарламасын жүзеге асыруды көздеп отыр. Аталған сапалық өзгерістерді енгізу университеттің тұрақты даму бағдарламасына қосқан зор үлесі болмақ.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

Ортақ мүдде, абыройлы міндетте ауызбіршілік керек. Кешегі ректорат отырысында университет басшысы Ғалым Мұтанұлы ұжымға қарата осылай деді.

Ректор VII Астана экономикалық форумы мен ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойы аясында өтетін III Азия университеттері форумының маңыздылығын атап өтті. «Бұл форумды өткізуде Елбасы бізге үлкен сенім артып отыр. Осынау ауқымды шараны жоғары деңгейде өткізу арқылы біз ҚазҰУ ғана емес, барша қазақстандық университеттердің деңгейін танытамыз, еліміздің беделін арттыратын боламыз. Алыс-жақын шетел ғалымдарына университетті жете танытуға, өзара әріптестік байланыстар орнатуға кеңінен жол ашылмақ. Сондықтан шараның жауапкершілігі өте зор. ҚазҰУ ұжымының әрбір мүшесі, әрбір ерікті студенті сол жауапкершілікті сезініп, форумға белсене ат салысуы керек», – деді Ғалым Мұтанов.

ЭНДАУМЕНТ ҚОРДЫ ҚОЛДАУДА

Тарихы ежелден бастау алатын эндаумент қорлар бүгінде әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады. Ректор Ғалым Мұтанұлының бастамасымен Түлектер қауымдастығы биыл университеттің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуы эндаумент қорын құрды. Оның негізін қалауда туған альма матерін қашан да қалдайтын түлектердің ролі зор. Осы орайда кешегі мәжілісте университет түлектерімен жұмыс жүргізу мәселесі күн тәртібіндегі негізгі сұрақтар қатарында қаралды.

Түлектермен жұмыстың жай-күйіне факультет декандары мен ректор кеңесшісі Әмірхан Естаев тоқталды. Қоғамымыздың барлық саласы бойынша қызмет етіп жүрген көптеген түлектер туған университетін қолдауға ниет білдірген. Қазіргі таңда қор қаржысы күн сайын артып келеді. Мамыр айының соңғы сенбісінде өтетін Түлектер күніне ҚазҰУ түлектері болып табылатын белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, депутаттар, ақын-жазушылар, ғалымдар, бизнес өкілдері қатысатынын жеткізуде.

Алайда Әмірхан Сырғалбайұлы түлектермен тығыз байланыс орнату, эндаумент

қордың мақсаты мен маңызын жеткізу мәселесінде факультеттер мен кафедраларға мұқияттылық пен белсенділік қажеттігін атап айтты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуы эндаумент қоры мақсатты капитал жинау және ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды қаржыландыру, талантты студенттерді қолдау мақсатында құрылды. Осы ретте әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы өз пікірімен бөлісті: «Эндаумент қордың университет дамуындағы маңызы ерекше. Себебі қаржы тікелей университетті, оның студенттерін қолдау үшін жұмсалады. Сондықтан қоғамның түсінігін қалыптастыру, ояту қажет. Бұл Елбасы айтқан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады».

Ректор Ғалым Мұтанұлы бұл қоғамның университетке деген көзқарасын білдіретінін айтты. «ҚазҰУ өз тарихында сан мыңдаған жоғары білікті мамандар легін даярлап шығарды. Оның түлектері университеттің дамуы мен гүлденуіне өз үлестерін қосатынына сенемін», – деді ол.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

БҮГІНГІ САНДА:

СОЦЛОГИЯ
ТЮРСКОГО
МИРА

2-стр.



БҮГІНГІ САНДА:

БІЛІКТІ МАМАН –
ҰЛТТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

4-бет



БҮГІНГІ САНДА:

БІЛІМНІҢ
ХАН ТӘҢІРІ!

7-бет



ҮНДІЛІК-ТҮРКІЛІК БАЙЛАНЫСТЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Үстіміздегі жыл атаулы даталарға толы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы, шығыстану факультетінің 25 жылдығы, түркітану және үндітану бөлімінің 20 жылдығы. Осы айтулы даталарға байланысты «Оңтүстік және Орталық Азия: тарихи, саяси, экономикалық және мәдени ықпалдасу аспектісі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференция шығыстану факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Б.Н.Жұбатованың құттықтау сөзімен ашылды. Одан кейін сөзді келген құрметті қонақтар алды. Пленарлық мәжілісте Әзірбайжан Республикасы Дипломатиялық Академия жанындағы Шетел Істері Департаментінің директоры т.ғ.д., профессор Бехбудов Камран А, Стамбул университетінің профессоры, PhD Айдемир Окай, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка орталығының жетекшісі, PhD, Гумбольдт атындағы Виадриун университеті жанындағы Жоғары басқару мектебінің профессоры Удо Штайнбах, Еуразия зерттеу институтының директоры (ERI), PhD Мұрат Чемрек т.б. сөз алып қазіргі әлемде орын алып жатқан саяси-мәдени факторларды, оның ішінде Қазақстанның орнын атап өтті.

Конференция ҚР-дағы Үндістан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Ашок Кумар Шарма, Алматыдағы Үндістан Республикасының Бас Консулы Навин Кумар, Алматыдағы Түркия Республикасының Бас Консулы Сүпхи Атан, Пенджаб Ұлттық Банкінің бас менеджері Нирмал Кумар Сингх, Солтүстік-шығыс Азиядағы стратегиялық мәселелер орталығының жетекшісі, Ресей профессоры, т.ғ.д. Лузянин Сергей Геннадьевич, Әзірбайжан Республикасы Дипломатиялық Академия жанындағы шетел істері департаментінің директоры т.ғ.д., профессор Камран Бехбудов, Стамбул университетінің профессоры, PhD Айдемир Окай, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка орталығының жетекшісі, PhD, Гумбольдт атындағы Виадриун университеті жанындағы Жоғары басқару мектебінің профессоры Удо Штайнбах, Еуразия зерттеу институтының директоры (ERI), PhD Мұрат Чемрек, т.б. көптеген шетелдік ғалымдар қатысқан дүбірлі жиынға айналды.

Түстен кейін басталған секциялық мәжілісте жасалған баяндамалардың негізгі ден қойған мәселелері түркі халықтарының арасындағы интеграция, Ауғанстан аумағындағы ішкі жағдай және Орта Азиядағы қауіпсіздік, Кедендік одақ, Жібек жолы, Оңтүстік және Орталық Азия елдерінің тарихи байланыстары, саяси және экономикалық үрдістер, мәдениет пен дін, тілдік және әдеби байланыстар болды.

Секция жұмысы келесі күні жалғасын тапты. Мұнда профессорлар Яшар Сары (Қырғызстан), PhD Сердар Йилмаз (Ыстамбұл), Камран Бехбудов (Баку, Әзірбайжан), Мара Губайдулина (ҚазҰУ), Жанар Есиналиева (Абылай-хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ), сонымен қатар доценттер Бахытжан Қамбаров (ҚазҰУ), Дәмәткен Таубалдиева (ҚазҰУ) және PhD Кенжебек Габдуллин (ҚазҰУ) Айман Қодардың (2-курс студенті, ҚазҰУ) тақырыптық баяндамалары көпшіліктің назарын аударды, қызықты дискуссияға ұластырды.

Конференцияны түркітану және үндітану кафедрасының меңгерушісі Сенімгүл Досова қорытындылап, баяндамашыларға сертификат табыс етті. Бұл конференция Үнді және Орталық Азиядағы халықтар мәселелеріне арналған шоқтығы биік, мазмұнды ғылыми шаралардың бірі болды. Халықаралық жиынға Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстанның өкілдерінің көптеп қатысуы, онда жасалған баяндамалар мен хабарламалар үнді-түркі бірлігі мен тұтастығын паш етіп қана қоймайды, олардың мықты идеологиялық тұғыры бар екенін дәлелдеді.

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,
түркітану және үндітану
кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

«ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР»

Журналистика факультетінде баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен студенттер мен жас ғалымдардың дәстүрлі «Жас зерттеушілер» атты II Бекхожин оқулары аясында ғылыми форум өтті. Ғылыми форумда ұлттық баспасөз тарихына арналған ең үздік ғылыми-зерттеу жұмыстары, сондай-ақ теле-радио және жаңа медиалық жобаларға жарияланған байқау жеңімпаздары жұмыстарының қорытындысы шығарылды.

Байқау жеңімпаздарына Қазақстан ұлттық журналистикасы ғылымы мен білімінің негізін салушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хайыржан Нұрғожаұлы Бекхожин атындағы арнайы шәкіртақылар тағайындалып, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Ашылу салтанатында журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ө.Әбдиманұлы сөз сөйлеп, Х. Бекхожиннің журналистикадағы өзіндік орнын ерекше атап өтті. Профессорлар Т.Кәкішев, К. Камзин, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының Бас директоры-Бас редакторы Б. Жақып, Х. Бекхожиннің шәкірті Х. Әміренов, «Отырар» ғылыми кітапханасының директоры, ф.ғ.д., профессор Т. Жұртбай

қатысып, өз естеліктерін айтты. Байқау қорытындысы бойынша «Ең үздік ғылыми жұмыспен» - Жанерке Елшин, Іңкәр Абылқасым, Еңлік Әбдіқадыр, «Ең үздік тележобамен» - Ақшолпан Жүсіпова, Айзада Жайықова, «Ең үздік радиобағдарламамен» - Айгерім Ауғанбаева, Ерзат Әкімхан, «Ең үздік мультимедиалық жобамен» - Айжан Шакенова, Әкім Арайлым, «Ең үздік публицистикамен» - Әсел Сарқыт, Малика Дауылбай марапатталды. Тағылымы мол осындай іс-шаралар жас ұрпақ бойына патриоттық сезім ұялатып, өткен тарих беттерінен сабақ берері сөзсіз.

Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,
журналистика факультетінің
оқытушысы

ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналып дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазіргі Қазақстандағы діни білім беру жүйесі: жағдайы және перспективалары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Мұнда діни және дінтанулық білім беру жүйесінің мәні мен маңызы, ерекшелігі және шетелдік тәжірибе; дінтанулық білім беру жүйесінің конфессияаралық келісімді және толеранттылықты нығайтудағы мәні, біліктілігі жоғары дінтанушы мамандарды қайта даярлау мен дайындау мәселесі сияқты негізгі бағыттар қарастырылды.

Жиында сөйлеген сөзінде танымал мәдениеттанушы-антрополог ғалым, Америкадағы Лойола университетінің (Чикаго) профессоры Кэтрин Мэри Адамс: «Менің Қазақстанда алғаш рет болуым. Алматы қаласының сұлулығы, адамдардың мейірімділігі мен жомарттығы мені таңғалдырды. Сіздерде Құдайға жақын, ар-ұяты жоғары адамды «иманды адам» деп айтады екен. Мен қазақтардың өте парасатты, өте мәдениетті, өте білімді халық екеніне көз жеткіздім. Табиғаты сұлу жердің адамдарының жандүниесі сұлу болмауы мүмкін емес. Қазақстан – қазір әлемдік деңгейдегі үлкен жетістікке жеткен мемлекет болса, ҚазҰУ – Азиядағы ең танымал университет», - деді. Конференцияда Ә.Масалимова, А.Құрманалиева, Н.Байтенова, Махфуз, Б.Сатершинов, Г.Надилова, А.Лұқпанов, А.Альжанова, Ш.Қалиева баяндама жасады. Сондай-ақ жиынға ғалымдар, докторанттар мен магистранттар қатысты.

Нұрлыхан ӘЛЖАНОВА,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы,
Тоты СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты

СОЦИОЛОГИЯ ТЮРКСКОГО МИРА

В Алматы недавно прошло заседание важного форума – V Конгресса социологов Казахстана и V Конгресса социологов тюркоязычных стран. С приветствием к присутствующим обратился С.Т. Сейдуманов, депутат Мажлиса Парламента РК, вице-президент Ассоциации социологов Казахстана, член-корреспондент НАН РК, доктор социологических наук. Им была отмечена важность социологической науки в мире и для каждого человека.

В адрес участников форума было зачитано приветственное обращение Президента Ассоциации социологов Казахстана, Чрезвычайного и Полномочного Посла Казахстана в Российской Федерации, действующего Президента Союза социологов тюркского мира, доктора социологических наук, профессора М.М. Тажина.

В приветственном обращении министра культуры РК Арыстанбека Мухамедұлы была отмечена значимость социологического конгресса, проходящего в городе Алматы. Большим вкладом в развитии международных отношений, как отметил министр культуры, являются совместные культурные программы с тюркскими странами. Именно активная работа тюркского совета ТЮРКСОЯ является подтверждением культурного сотрудничества между странами.

Как было отмечено Президентом Ассоциации социологов Кыргызстана, доктором социологических наук, профессором Исаевым К.И., плодотворное взаимодействие и сотрудничество с соседними и тюркскими народами стало возможным благодаря богатым культурным и историческим наследиям этих обществ. Эти высказанные мысли нашли подтверждение в выступлении З.К. Шаукеновой – директора

Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, члена-корреспондента НАН РК, доктора социологических наук, профессора, что углубления культурных и гуманитарных связей Казахстана с другими тюркскими странами способствуют гармонии в Центральной Азии.

Тюркские народы составляют значительную часть и российского общества, где численность только крупных тюркских народов достигает 9-10 млн. человек. В целом в мире тюркские народы составляют около 500 млн. человек.

О тенденциях развития современной социологии на данном форуме представили в своих выступлениях Ж.Т. Тощенко – главный редактор журнала СОЦИС, член-корреспондент РАН, д.ф.н., профессор. Им были высказаны новые тенденции мировой социологии, но отмечено, что наука, при всей критике глобализации, постмодерна, транзитологии, мультикультуризации, должны иметь свои принципы. Профессор университета «Корвинус» (г. Будапешт), доктор социологических наук Тамаш П. остановился на процессе модернизации современного общества, но при этом подчеркнул, что именно при советском строе создавались новые нации, новые клановые структуры.

В рамках работы Конгресса выступил



Президент Российского общества социологов, доктор философских наук, профессор В.А. Мансуров; главный директор Всероссийского центра изучения общественного мнения (ВЦИОМ) В.В. Федоров; заведующий кафедрой прикладной социологии Стамбульского университета, доктор социологии, профессор Х.Тюфекчиоглу; заведующий кафедрой социологии университета Гази (Анкара), доктор социологии, профессор Х.Беширли.

Интересными были выступления М. Кайзера - профессора университета Триер (Германия), доктора социологии, директора института социологических исследований Азербайджанской

Республики Р. Гулиева, доктора социологических наук, профессора А.Т. Каххарова (Узбекистан), представителей Татарстана, Башкирии, и, конечно, выступления казахстанских ученых социологов доктора исторических наук, профессора Л.Я. Гуревича; доктора социологических наук, профессора А.Т. Забировой; кандидата социологических наук Илеуовой Г.Т. и многих других, которые представили тенденцию развития современной социологии в Казахстане.

З.Ж. ЖАНАЗАРОВА,
доктор социологических наук,
профессор социологии и социальной
работы

**ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Германияның Алматыдағы
бас консулы Михаэль Граумен кездесті**

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында «Қазақстан журналистерінің шеберлігі: ізденістері мен талпыныстары» тақырыбында Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті журналистика және практикалық қазақ тілі кафедрасының оқытушылары мен студенттері арасында онлайн дәрісі өтті. Дәріс барысында қазақ баспасөзінің дамуына еңбек сіңірген көрнекті публицист-журналистердің шығармашылығындағы шеберлік пен тәжірибеге талғам мен таразы тұрғысынан жан-жақты баға беріліп, қазақ журналистикасының бүгінгі мәселелері жеке публицистер шығармашылығы арқылы баяндалып, олардың жас журналистерді тәрбиелеу мектебіндегі ерекшелік сипаттары зерделенді.

САНАПЫ ҰРПАҚА - САПАПЫ БІЛІМ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті журналистика және практикалық қазақ тілі кафедрасының профессоры Айгүл Рамазан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің оқытушылары мен студенттеріне «Семейде шыққан басылымдар» атты онлайн дәрісін оқыды. Онда Алаштың үні болған «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналының тарихы тұрғысында біраз құнды деректер айтылып, алаш публицистерінің тұлғалық болмысы сараланды. Дәріс соңында профессор А.Рамазан оқытушылар мен студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Кезінде ағартушы А.С. Макаренко: «Адамды тәрбиелеу – демек, оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу», - деген екен. Сондықтан да, осындай кәсіптік білім алмасу мақсатымен өткізілген онлайн-дәрістер студенттер үшін білікті білім алуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Рәзиә ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА,

баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

«БАБАЛАР АМАНАТЫ»

Күні кеше ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына арнап Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Халық әні кафедрасының ұжымы ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің акт залында «Бабалар аманаты» атты салтанатты концерт өткізді.



Университетіміздің мерейтойына арналған салтанаттағы ән-жыр шашуда отансүйгіштік қасиет дарытатын, тәрбиелік мәні терең ұлттық рухани мұрамыз – ән мен күй, терме, толғаулар дәріптелді. Халықтың бай рухани мұрасын әлемдік деңгейде насихаттап жүрген танымал өнер майталмандары мен олардың шәкірттерінің репертуарларында қазақтың әр аймағында қалыптасқан өнер мектептерінің таңдаулы туындылары орындалады. Концерттік кешімізге қатысқан өнерпаздар қатарында Халық әні кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, жыршы Ұ. Байбосынова, ҚР еңбек сіңірген артисі Б. Қожабаев, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Р. Жұмадилова, Е. Мұстафаев, Е. Шүкіманов, А. Қосанова, ҚР мәдениет қайраткерлері М. Әбуғазы,

А. Исатаева, Халықарлық, республикалық байқаулардың лауреаттары А. Ахатов, Т. Құрманғалиев, Э. Қарабалина, т.б. болды.

Осы мерекелік кешіміздің жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан оқытушы ұстаздар, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеттерінің деканы Ж. Жаппасов, шығыстану факультетінің аға оқытушысы Ә. Рысбаев, филология факультетінің аға оқытушысы А. Бисембаевтарға алғысымыз шексіз.

«Бабалар аманаты» дәстүрлі ән-жыр, күй, терме толғауларымызды дәріптеп, қазақ мәдениетінің ерекшелігін көрсетті. Қазіргі жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге бірден-бір септігін тигізді.

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,

философия кафедрасының доценті

ЖЕТЕКШІ МЕНЕДЖЕР ДӘРІСІ

Еліміздің кадрлық саясатында орны бөлек менеджмент мамандығын меңгерушілер үшін қазіргі таңда теориялық көзқараспен бірге тәжірибелік ілімді де қатар алып жүру өте маңызды. Осы орайда экономика және бизнес жоғары мектебінде «Жетісу» банкроттық процедураларындағы Кәсіби басқарушылар одағының президенті, Ұлыбританиядағы Коральдік арбитражды сотының мүшесі, Қазақстандық халықаралық арбитраж арбитры және ҚР Қаржы министрлігінің эксперттік кеңесінің мүшесі Кабикенова Марияш Майрамбайқызының шеберлік сыныбы өтті. Менеджмент және маркетинг кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы Қуанбаева Дүйсекүл Әшімбекқызының ұйымдастыруымен өткен шеберлік сағатында қонақ өзінің осы жас саладағы мол тәжірибелерімен бөлісіп, болашақ мамандарға тәлімдік ақыл-кеңестерін берді.

Жетекші менеджер Марияш Кабикенованың айтуынша, оңалту және банкроттық процедураларда кәсіби басқарушы – бұл сауатты заңгер, тәжірибелі экономист және шебер психологтық білімі мен дағдылары бар адам. Заңнаманы білу, саяси және экономикалық жағдайларға бейімделу, бірлескен жұмысты тиімді ұйымдастыру, сәтті келіссөздерді жүргізу, дауларды шеше білу – бұл дағдарысқа қарсы басқаруда жақсы атаққа ие болуға мүмкіндік беретін менеджердің ең қажетті қасиеттері.

Кездесу жалғасы қатысушы мұғалімдер, докторанттар, магистранттар мен бакалавр студенттерінің көкейіндегі сауалдарымен толығып, жарқын жауаптарға қанық болды. Сөз соңында Марияш Майрамбайқызы болашақ мамандарды «Жетісу» банкроттық процедураларындағы Кәсіби басқарушылар одағына тәжірибеден өтуге шақырып, жүздесудің соңы естелік суретке түсумен аяқталды.

Осы кездесуден соң мамандығымыздың қыр-сырын тағы бір айқындап, нарықтық экономикадағы қызметі мен міндетін жіті ұғындық.

«Менеджмент» мамандығының 3-курс студенттері

Жырда философия және саясаттану факультетінің «Логос» СҒК діни экстремизмнің алдын алу шарасы бойынша «Кім, егер біз болмасақ» тақырыбында патриоттық акция жүргізді. Бұл іс-шараның мақсаты діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу идеясын жастар арасында қалыптастыру.

ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІММЕН ҚОЛДАУ

Қазақстандағы ұлтаралық татулық бүкіл әлем үшін бейбітшілік формуласына айналды деген оймен студенттердің бұл іс-шарасы бейбітшілік пен рухани келісімге негізделген.

«Қазақстан - 2050» стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» тақырыбымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының жиыны «ЛОГОС» студенттік ғылыми қоғамдастығына үлкен әсер берді. Сондықтан келер ұрпақ жас өренді өмір қауіпсіздігіне, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеуді жөн көрген студенттер ақпараттық-насихаттық буклеттер таратып, «Кім, егер біз болмасақ» ұранымен флэш-моб ұйымдастырды.

Діни экстремизм өте күрделі әлеуметтік-құқықтық, саяси және этно-психологиялық мәселе бола отырып, көпқырлы көрініс ретінде белгілі, яғни артықшылық, діни алауыздық, жеккөрушілік, дінді саясаттандыру

және сол сияқты ең шеткі қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға қауіпті құбылыс деген жастар, төрт сағат бойы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға сүйен отырып, акцияға қатысқан жастар Қазақстан Республикасындағы лаңкестікке қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуалы жөнінде де мағлұмат таратты. Елбасының тапсырмасымен 2015 жыл «Астана - бейбітшілік пен келісім жылы» ұранымен өтетін болады. Осыны ескерген жастар «Елімізде ұлтаралық және дінаралық татулықтың сақталуы үшін бір кісідей атсалысайық» ұранымен шарлар ұшырды.

Г.А. КАСЕН,

«Логос» СҒК жетекшісі, жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті

ҰЙРҒЕТЕРІ МОЛ ҰСТАЗДАР

Мен 2011 жылы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің студенті атандым. Бұл факультет өзінің ұлағатты ұстаздарымен және білім мен ғылымды ұштастыра алуымен ерекшеленеді. Білім алудың алғашқы күндерінен бастап, кафедра оқытушылары ғылыми жұмыстарға белсене қатысуға шақырып, «Жас Аквариумистер» үйірмесінен бастау ұсынды. Жалпы факультет ғылыми-зерттеу зертханалары түрлі деңгейдегі жұмыстарды ойдағыдай орындауға арналған қазіргі заман талабына сай құрал-жабдықтармен жабдықталуда. Ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытатын студенттерге өздерін қызықтырған бағыт бойынша осы зертханаларда зерттеу жұмыстарын жасап, тәжірибе жинап, күрделі құрал-жабдықтармен жұмыс жасауға үлкен мүмкіндіктер бар.

Қазір мен әртүрлі жануарлардың мүшелерінен гистологиялық препарат жасауға қызығушылық танытып, зерттеулер жүргізіп жүрмін. Менің бойымдағы ғылыми қызығушылықты кафедра доценті Шалғымбаева Сәуле Мұхамметқалиқызы арттырып, гистологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуді, препараттарды жұқалап кесуге арналған микротомды қолдануды, тұрақты препарат жасауды, оларды өңдеп, бояуды үйретті. Зерттеуге дайын болған препараттардың түрлі физиологиялық, патологиялық өзгерістерді факультетіміздегі «Биологиядағы зерттеудің физика-химиялық әдістер зертханасы» жанындағы микроскопты бөлмеде зерттеуге және заманауи компьютерлік бағдарламасы арқылы суретке түсіріп ғылыми жұмысымызды жүргізуге мүмкіндігіміз тағы бар. Сол заман талабына сай факультет білім алушыларына жабдықтармен зерттеу жұмыстарын жүргізуді зертхана меңгерушісі, б.ғ.к. Мұқатаева Қарлығаш Ақтарқызы үйретуде. Микроскоппен жұмыс жасау мен үшін, әрине, аса қиын емес, бірақ әр құралдар мен құрылғылардың пайдалану ережелері ерекше бағалынып білдім. Жан-жақты білім алып, ғылыми жұмыстарға қызығушылық таныққан шәкірттеріне білгендерін үйретуге жалықпайтын, алғашқы ғылыми қадамға қолдау көрсеткен осындай асыл ұстаздарыма айтар алғысым шексіз.

Гаухар ДЖУМАХАНОВА,

«Балық шаруашылығы және кәсіптік балық аулау» мамандығының 3-курс студенті

БІЛІКТІ МАМАН – ҰЛТТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

СОнау АЛЫС АРМАНАРҒА ТАЛПЫНЫС ЖАСАП, ЕРТЕҢГІ БОЛАШАҚТЫҢ БАСПАЛДАҚТАРЫН ТАҢДАЙ БАСТАҒАН ТҮСТАН ҮКІЛІ ҮМІТІМІЗГЕ АЙНАЛҒАН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАҒАН СӘТІМІЗ БӘРІМІЗДІҢ ДЕ ЕСІМІЗДЕ. БОЙЫМЫЗДЫ ҚОРҚЫНЫШ ПЕН КҮДІК БИЛЕГЕН БІЗДЕРДІ ҚАСИЕТТІ АЛТЫН ҰЯ СОНДАЙ БІР ЖЫЛЫЛЫҚПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ. АРМАН ЖҮЗЕГЕ АСТЫ, СТУДЕНТ АТАНДЫҚ, БІЛІМ АЛДЫҚ, БІЛІКТІ МАМАН БОЛЫП ШЫҚТЫҚ. ЕСЕЙДІК, ЕРЖЕТТІК. БІРАҚ ОСЫНАУ ҚАСИЕТТІ ҚАРАШАҢЫРАҚҚА ДЕГЕН РИЗАШЫЛЫҚ СЕЗІМ ЖҮРЕК ТҮКПІРІНЕН САНАЛЫ ҒҰМЫРДА ӨШПЕСТЕЙ ОРЫН АЛДЫ. СОЛ ҮШІН ДЕ ТУҒАН УНИВЕРСИТЕТІМІЗ БІЗ ҮШІН ҚАДІРЛІ ДЕ ҚАСТЕРЛІ.

Оқу бітіріп, университет қабырғасында еңбек етіп жүрген бұл күндері күнделікті қызметтегі қарбаластың барысында кейде қайда еңбек етіп жүргенің естен шығып кетер сәттер болады. Сондай кезде санада ҚазҰУ деген аяулы ұғым жарқ ете қалғанда жүректі ерекше сезім бөлеп, өткен мен бүгіннің жарқын кезеңдері мен кездері көз алдында дөңгеленіп жүре береді. Шынын айтсам, сондай сәттерде бір тыныстап, жеңілденіп қалып, қайтадан жұмысқа сондай бір ынта-жігермен кірісіп кетесің. Бұл өзінді ұясынан қанаттандырып ұшырған қасиетті қарашаңырақтың құдіреті мен оған деген шәкірттік құрметтің қуат күші болса керек.

Жалпы, қазақ білімінің қара шаңырағы деген киелі ұғым – мен үшін халқымыздың дәстүрінен, тарихынан сабақтастық алатын дүние. Міне, биыл біздің университетіміз адами болмыс тұрғысынан алып қарағанда көпті көрген, көп білетін көнекөз даналық жасқа жетіп отыр. Меніңше осы салыстыруда тарихи, рухани жағынан толық негізделген мағыналық мән бар деп білемін. Шындығында солай емес пе?! Еліміздегі университеттердің ең үлкені - біздің университет! Тіпті екіншілікті еншілеген – Қарағанды мемлекеттік университетінен аттай 42 жас үлкендігі бар екен. Мен университетіміздің өсу-өркендеу жолын адам ғұмырымен бекер салыстырып отырған жоқпын. Өйткені білім ордасының негізгі мақсат-міндеті – адам тәрбиелеу, жаңа талап, жас өрімнен қоғамға пайдасын тигізетін, ел үмітін ақтар азаматтық тұлға тәрбиелеп шығару. Ендеше балалықтан даналыққа өсіретін білім мен ілім бесігін неге шартты түрде адам болмысымен салыстырмасқа? Әрине, университет ел барда, ұлт барда мәңгілікке ұласары белгілі жайт. Оның тарихы да тереңде. Біздің университет бүгінгі мерейлі мерейтойына тарихтың аумалы-төкпелі кезеңдерінен өтіп, уақыт тезіне шыдас бере отырып жетті. Осының өзі оның мәңгілікке кетер болашағына деген сенімділікті оятады.

Мәселен, университетіміздің құрылу тарихына үңілсек, сонау кеңес заманының заңдылықтары үстемдік құрып тұрған шақта сол кездегі КСРО Халық комиссарлары кеңесі қазақ халқы үшін аса маңызды тарихи құжат қабылдады. Ол – Қазақстан тарихында «Қазақстан үшін кадрлар дайындау туралы» деген атаумен белгілі КСРО Халық комиссарлары кеңесінің 1933 жылдың 20 қазанындағы қаулысы. Осылайша, жоғарыдан түсірілген Қаулы негізінде Қазақ өлкелік комитеті 1933 жылғы 9 желтоқсанда Қазақ мемлекеттік университетін құру жөнінде тиісті қаулы қабылдады.

Сонымен, қазақ халқының бағына құрылып, бой көтерген алтын ұямыз 1934 жылдың 15 қаңтарынан бастап өз қызметін ресми түрде бастады. Сол уақыттағы құжаттық деректерге сүйенсек, алғашқы болып физика–математика және биология факультеттерінің 54 студенті білім нәрімен сусындап, білікті маман атануға жолдама алды. Ашылған сәттегі білімнің берік тінді болашақ алып бәйтерегінің екі бұтағы іспетті болған екі факультеттен бүгінде 14 факультет, жалпыуниверситеттік әскери кафедралардан өзге 62 кафедра

өніп шықты. Университеттің штаттық оқытушыларының саны 2000-нан астам, оның ішінде академиктер - 39, ғылым докторлары - 378, ғылым кандидаттары - 741, PhD докторлар саны - 52, тек соңғы үш жылдағы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы грантының иелері - 46.



Бұл күнде біздің түлектеріміздің жалпы саны 130 мыңға жуықтады. Асқаралы Алатаудың баурайында кезіндегі екі факультет пен 54 студенттен құрылған кішкене ғана ұжымнан бүгінде «ҚазҰУ қалашығы» деп аталатын «ақылды әрі бақытты қала» жайқалып, жайнап өсіп, қанатын кеңге жаюда.

Университетіміздің 80 жылдығы қарсаңында ғана тұсауы кесілген «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» атты ғылыми-инновациялық жоба біздерге жаңа серпін беріп, жарқын болашаққа жетелейді. Әрине, бұл жоба өзінің түп тамырын әл-Фараби бабамыздың «Қайырымды қала тұрғындарынан» алып отырғаны даусыз. Жоба аясында экономикасы және жалпы еңбек ету мүмкіндіктері дамыған қоғам құру мақсатына жетудің университеттің үлесі, жаңа дүниетаным қалыптастырудың басым бағыттары айқындалып, іске асырылатын болады. Университеттің зиялы қауымы алдында осынау университеттің болашағы жайлы жасаған аса қызықты баяндамасында ректор Ғ.Мұтанов бұл жоба жөніндегі ойын былай деп түйіндеді: «Ақылды университет дегеніміз - түптеп келгенде ақылды ұлт, яғни жоғары сапалы интеллектуалды капитал платформасы».

Екінші ұстаз әл-Фараби бабамыздың есімін иеленіп, заманауи технологиялармен жабдықталған, әлемдегі озық 300 университеттің қатарына енген қазақ білімінің қара

шаңырағынан түлеп ұшып, бүгінде оның тұрғындарының біріне айналып отырған жандарды, яғни біздерді мен шынайы бақытты адамдармыз деп санаймын. Өйткені біздің университетімізге табиғи тектілік тән, біздің өзіндік дәстүріміз бен бай тарихымыз бар. Үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге үлгі боларлық ұрпақтар сабақтастығы мәңгілікке жол тартып жатыр.

Университетімізде осы 80 жыл ішінде аса қабілетті, дарынды басшылар қызмет еткенін тарихи құжаттамалық деректерді, ресми бұйрықтарды парақтап отырып көз жеткіздім. Ол тұлғалар қатарында Ғ.Т.Оликов, И.К.Лукьянец, Т.Т.Тәжібаев, А.З.Закарин, Т.Б.Дарқанбаев, Ө.А.Жолдасбеков, Е.Ерғожин, М.Әбділдин, К.Нәрібаев сынды ректорларымыз бар. Есімдері руханият тарихына алтын әріптермен жазылған асыл оқытушыларымызды біз әрқашан мақтан тұтамыз. Мүмкін мерейтой сайын жасалатын жылнамаларда

жүзеге асыратын кадр және мұрағат істері басқармасы да университеттің мерейтойын жағымды жаңалықтармен қарсы алудан үміткер. Осы тұста сонау кеңестік кезеңнен бүгінге дейін осы кішкене ғана бөлімде қызмет етіп, бүгінгідей «қайырымды әрі бақытты қала» атануға өз үлестерін қосып кеткен аға буын өкілдерін атап өткенді жөн санап отырмын. Олар: Мухамедов Х.Х., Волохов И.П., Мирханов Т.М., Мякишева З.С., Байболатов С.Т., Беркимаева Ш.Б.

«Әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар виртуалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалады» деген Елбасының принципті ойларына біздің ұжымда ерекше көңіл бөлінеді.

Ең басты принцип - адам еңбегіне лайықты баға беру, заман ағымына сай маман болу үшін біліктілікті арттыру міндеттерін жүзеге асыру университеттің персоналды басқару бөліміне жүктелген.

Осы міндеттерге жету үшін университетте қызметкерлер аттестациясы туралы, еңбекке қатысу принципін ескеріп, қосымша еңбекақы төлеу туралы ережелер дайындалып, іске асырылуда.

Осы мақаланы жазу барысында университетіміздің әр жылдардағы тарихын баяндайтын жылнамаларды сараптай отырып, университет қазынасында еңбек еткен асыл ұстаздардың өнегелі өмір жолы, ғылыми-ұлағаттық мектебі көз алдымда тізбеленіп, қатты толқыдым. Заң факультетінің түлегі болғандықтан бүгінде өмірден озып кетсе де әрбір қадамы бәрімізге үлгі болған, аса қимас ұстаздарымыз Қ.Бегалиевтің, К.Халиковтың, Н.Мұхитдиновтың жарқын бейнелері әр уақыт есімде. Өмірдің өтпелігіне, уақыттың ауыспалығына өкіне отырып, қастер тұтар университетіміздің түлегі болғандықтан мәртебе тұтып, «шәкірт жанын аялаған, еңбегін еш аямаған» аяулы ұстаздардан тағылым алғанымға таубе еттім! Зиялы жанмен өткен әр сұхбатың тағылым мектебі емес пе?! Ондайда мерейің үстем болып, мәртебең өсіп қалады. Өмір мектебі дәрістері өзгешелігінің сыры осында жатса керек.

Иә, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – іргелі білім ордасы, кешенді ғылым орталығы, замананың заңғар перзенттері қызмет еткен қасиетті қара шаңырақ, білім мен ғылымның ғана емес, аса көрнекті мемлекет пен қоғам қайраткерлерін тәрбиелеп өсірген азаматтық тұлға қалыптастыру мен шеберлік шыңдаудың жоғары мектебі.

Ойымды қорыта келе, еліміздің небір ақыл-ой алыптары тарыдай болып талпынып келіп, талап пен талант арқасында тау тұлғаға айналған ұлт мақтанышы – университетіміздің 80 жылдық мерейтойы құтты болсын, ұлағатты ұстаз, талапты білімгер бірлігінің білім-ғылымдағы жемісі мол болсын деген тілек айтқым келеді.

Айнұр МАДИЯРОВА,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 2001 жылғы түлегі,
кадр және мұрағат істері
басқармасының басшысы,
заң ғылымдарының кандидаты

23 мамырда ҚазҰУ-да «Қазақстандағы Болония процесі: білім беру реформаларын басқарудың тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді

БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ - ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

Қасиетті қара шаңырақ. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Бұл атауды естігенде көз алдыма әсем табиғат, жасыл шыршалар, шыңдарын қар басқан биік таулар, жаңа әрі көрікті оқу ғимараттары елестейтін. Алматы қаласының көркін кіргізіп тұрған бұл оқу орнын бұрындары қоғамдық көлікте отырғанда тамашалап, қызыға қарайтынмын. Қарап отырып, армандайтын да кездерім болды. Өзім білім беру саласының маманы болғандықтан, осы аталған университетте жұмыс істеп, шәкірт тәрбиелеп, кәсіби деңгейде биіктерге көтерілу туралы асқақ армандардың жетегінде де жүрдім.



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Биылғы оқу жылында мен университетіміздің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің жаратылыстану факультеттеріне арналған шетел тілі кафедрасына ағылшын тілі пәнінің оқытушысы болып жұмысқа қабылдандым. Асқақ армандарымның бірі орындалды деп өте қатты қуандым.

Бастапқы кезде қобалжулар да болды. Жаңа оқу орны, жаңа оқытушылар, жаңа ұжым, студенттер – бұлардың барлығы мен үшін жаңа бір әлем тәрізді көрінді. Жасыратыны жоқ, адам баласы болғандықтан, менде қорқыныш сезімі де басым болды. Бұрын көрмеген, танып-білмеген орта мені қалай қабылдар екен деген сұрақ санамды билеп, қобалжып жүрдім. Алайда Молдағалиева Айжан Айдынғалиқызы басқаратын кафедра ұжымы мені жақсы қабылдады. Өте тәжірибелі, өз ісінің шеберлері, өз мамандығын сүйетін шәкірт тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жеткен оқытушылар ұжымы мен үшін жақсы әсер қалдырды. Алғашқыда пайда болған қобалжу сезімдерім сеіліп, жаңа кафедра ұжымына тез үйреніп кеттім.

Оқытушылар үнемі өз тәжірибелерімен бөлісіп, білмегенімді үйретіп отырады. Сонымен қатар кафедрада ағылшын, неміс тілі клубтары жұмыс жасайды, тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өткізіліп тұрады. «Айналаңды нұрландыр!» жобасы бойынша біршама жұмыстар атқарылуда.

Оқыту үдерісі екі жақты, яғни оқытушы мен студент арасындағы үдеріс болғандықтан, университеттегі студенттермен бірге жасалатын жұмыс жақсы ұйымдастырылған. Студенттер шетел тілдерін оқуда тек қана сол тілдің фонетикасын, грамматикасын, лексикасын ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар өз мамандығы бойынша білім, дағды және іскерліктерді меңгереді. Ал білімін әрі қарай ұштап, оны ғылыммен байланыстырамын дейтін студенттерге магистратура мен докторантура толық мүмкіндік береді. Оқу – студенттің талап-тілегіне, ізденісіне байланысты. Егер студент қауымының белсенділігін, ізденімпаздығын, кез келген ортаға беімділігін ескерсек, қай заманда болмасын олар қоғамның үлкен қорғаушы күші болып келді. Кейбір студенттер жаңа



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

■ АРНАУ

ізденістерге қадам жасайды. Қазіргі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда университетіміз жақсы оқимын, білікті маман боламын деген студенттерге барлық жағдай жасап отыр.

Жан-жақты білім алумен қатар, студенттерге шығармашылық жағынан да дамуға университет үлкен мүмкіндік береді. Өйткені университеттің білім беру жүйесі жақсы дамыған және тәрбие жұмыстары дұрыс ұйымдастырылған. Үздік оқитын студенттерге көптеген атаулы шәкіртқақылар тағайындалады. Талантты, өнертапқыш студенттерге өз жұмыстарын жариялауға да көптеген мүмкіндік берілген. Университет жұмысын жақсарту үшін құрылған жастар ұйымдары да белсенді жұмыс атқарады. Бұл ұйымдар студенттердің білім алумен қатар шығармашылық тұрғыдан дамуларына зор ықпал етеді.

Оқу жылы да аяқталып келеді. Осы уақыт аралығында менің университетке деген жақсы көзқарасым қалыптасты. Қасиетті шаңырағымыздың студенттерге білім берудегі, шәкірт тәрбиелеудегі алатын орны ерекше. Бұл оқу орнында жұмыс істегеніме аз уақыт болса да, көптеген игілікті, тәрбиелік мәні зор іс-шаралардың куәсі болдым. Атқарылған жұмыстардың барлығының еліміздің болашағы, яғни келешектің тізгінін ұстайтын жастарды тұлға ретінде қалыптастырудағы мәні ерекше.

Гүлназ АБДУЛЛАЕВА,
жаратылыстану факультеттеріне
арналған шетел тілі кафедрасының
оқытушысы

Білім мен тәрбиенің қазынасы алтын орда,
Салатын әрбір жанды дұрыс жолға.
Қаншама ғұламалар ұшқан сенен,
Тұнып тұр сенің бойың өлең жырға!
Өзіңмен бірге әрбір менің атқан таңым,
Өзіңді айтып мәңгі мақтанамын!
Құтты болсын 80 жылдық мерейтойың,
Өлең-жырды бір өзіңе ақтарамын.
ҚазҰУ-ым, бір өзіңсің өр еңселі,
Әрбір таңда қуана көрем сені.
Киелі ақ орда деп құрметтейді,
Мың алғысын жаудырып қазақ елі.
Өзіңнен оқып шықты қанша ғалым, білімді,
Азамат боп басқаруда еліңді.
ҚазҰУ сенің арқан әрқашан,
Қалаулысы болғаны елдің сенімді.
Өзіңмен бірге жүрегім де, жаным да,
Ешбір кінә түспесінші арыңа.
Құттықтаймын, ҚазҰУ-ды шын жүректен,
Алғысымыз шексіз, айтар біздің тағы да!

Э.Б. КОЖАБАЕВА,

биология және биотехнология факультеті,
биоаулантүрлілік және биоресурстар
кафедрасының аға оқытушы,
б.ғ.к.

Загадочный Восток

Ещё со школьных времён, читая книгу известного историка и писателя И.В. Можейко «Семь и тридцать семь чудес света», в которой рассказывается о знаменитых памятниках культуры многих стран Азии и Африки, я удивлялась многообразию и оригинальности восточных цивилизаций. Тайны прекрасного Востока манили меня своими загадками, которые учёные не могут разгадать уже веками. «Загадочный Восток» издревле интригует человечество сказками Шахерезады, мифами и легендами древних фараонов. Радует веселыми восточными танцами и песнями. Мы восхищаемся мужеством самураев и красотой восточных нарядов. Культурные страны ближнего и дальнего востока в корне отличаются от нашей культуры. Поэтому всё в них кажется необычным, волнующим и сказочным. Именно поэтому путешествие на Восток всегда превращается в настоящую загадку для нас, прекрасную историю, полную великодушных впечатлений. Это особый мир, погружаясь в который, мы находим новых себя. Но, увы, не каждый человек может позволить себе путешествие на Восток, или не все хотели бы только путешествовать. Ведь сколько людей, желающих изучать культуру, традиции, историю, литературу восточных стран. Поэтому в своей статье мне хотелось бы рассказать о том, как создавалась та частичка Востока, которая

дала мне возможность не только увидеть себя совершенно с другой стороны, но и на шаг приблизиться к своей давней мечте, не выезжая из Казахстана.

Свой жизненный путь я выбрала без труда и сомнения. Закончив школу, я поступила в КазНУ, на факультет востоковедения. Именно это учебное подразделение дало мне возможность на шаг приблизиться к тайнам «Загадочного Востока». Вы не ошиблись, именно факультет Востоковедения – этот небольшой «Восточный мирок» в сердце города Алматы, даёт большие возможности при разгадке таин Востока, с помощью мудрого преподавательского состава и науки. Как же создавался этот «Восточный мир»?

Нехватка опытных преподавателей, владеющих различными восточными языками, широкие международные контакты Республики Казахстан со странами Азии и Африки, развитие прямых связей с различными организациями этих государств вызвали необходимость организации специальных учебных подразделений. Таким образом, на основе приказа Минвуза Казахской ССР 15 мая 1989 года был образован факультет востоковедения.

На сегодняшний день факультет Востоковедения является крупным центром по подготовке учебно-педагогических и научных кадров

востоковедов по филологии и истории. Это учебное подразделение имеет разносторонние творческие и деловые связи с университетами Китая, Египта, Кореи, Ирана, Турции, Японии, Индии. В целях укрепления учебно-материальной базы, студентов данного факультета направляют на включенное обучение и языковую стажировку в соответствующие высшие учебные заведения и научные центры зарубежных стран. В настоящее время научно-исследовательская работа студентов факультета является важной частью учебного процесса, а также деятельность в данном направлении способствует улучшению качества подготовки будущих выпускников факультета. В научно-исследовательской работе студенты принимают участие в научных кружках факультета, участие в университетских, республиканских и международных конференциях и конкурсах; устраивают различные круглые столы и дебаты; принимают участие в зарубежных образовательных программах. На факультете функционируют научные кружки, целью которых является повышение интереса студентов к познанию науки путем проведения лекций и встреч с высокопоставленными представителями посольств, консульств, культурных центров, деловых и банковских структур зарубежных государств, научными сотрудниками исследовательских

институтов при Национальной академии Республики Казахстан, различных интеллектуальных игр, дебатов, круглых столов и других мероприятий. На заседаниях научных кружков студенты обсуждают актуальные вопросы и проблемы стран Востока. Таким образом, мы видим, что факультет востоковедения даёт возможность проникнуть глубже в восточную культуру, историю, традицию и т.д., и делает всё возможное для того, чтобы каждый смог как можно ближе познакомиться с той или иной восточной страной.

В заключении мне хотелось бы сказать, что, выбирая КазНУ, я не ошиблась. Действительно, это именно то высшее учебное заведение, которое дало мне возможность раскрыться и научно, и творчески. Обучаясь на кафедре китаеведения, кроме изучения китайского языка, я приобрела знания об истории, литературе, культуре, традициях китайского народа. Помимо китайского, здесь можно изучать такие языки, как корейский, японский, турецкий, арабский, хинди, персидский. Если Вы действительно хотите открыть себя с новой стороны, узнать больше о восточных странах, жить активно и всегда быть в курсе научных открытий, тогда факультет востоковедения именно то место, которое предоставит Вам такую возможность. Действительно, в этом учебном подразделении можно найти разгадки к самым разным тайнам «Загадочного Востока». Поэтому, думаю, что в данном случае вполне уместна поговорка: «Лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать»...

Камила МЕДЕТБЕКОВА,
магистрант 2-курса факультета
востоковедения

16 мая на факультете востоковедения состоится открытие музея Востока

ҚАЗҰУ-ЫМ, МЕН ДЕ СЕҢІҢ ТҮЛЕГІҢМІН!

ҚазҰУ-ым, мен де сенің түлегіңмін,
Әлі есімде аяқ басып кірген күнім.
Сақталған әрбір сәтім сенде өткен,
Төрінде жұдырықтай жүрегімнің!

ҚазҰУ-ым, қанат бітіп алға бастым,
Сенен алған біліммен өрлеп тасым.
Жылуың сезіледі әлі күнге,
Кетсем дағы жыраққа жадымдасың!

ҚазҰУ-ым, мен де сенің түлегіңмін,
Барлық жақсы қабыл ал тілегімнің.
Тағзым етіп алдында басымды ием,
Баға жетпес бақытты күндер үшін!

Күндер үшін біліммен сусындаған,
Қуатпенен бойыма сенім салған.
Тағзым етіп алдында басымды ием,
Жол көрсеттің арманға мен аңсаған!

Арман қуған жастарға тілейтінім
Осы бақыт сезімі, мерей күнім
Құшағы ҚазҰУ-ымның әр кез ашық
Сеніңдер әр сөзіне түлегіңнің!!!

Мақпал АБИЛЬЖАНОВА,
география және табиғатты пайдалану
факультетінің 2007 жылғы түлегі

ОДА УНИВЕРСИТЕТУ

Мой дорогой университет,
Науки пристань добрых 80 лет.
В твой адрес шлю своей души полёт -
Свой стих. А все внутри трепещет и поёт.

Я помню день - впервые встретила тебя.
Тот самый миг, когда влюбил меня в себя!
Прекрасна в жаркий полдень твоих высоток тень
И как мучительно тебя не видеть даже день.

В стенах твоих всей мудрости костер горит
На кафедре любой всегда кипит
Жизнь лекций, важных семинаров;
Студентов слышен шепот в кулуарах.

Тебе скажу спасибо за образование.
Ты помогаешь нам найти свое призвание,
И в жизнь дорогу ты нам открываешь,
Огонь познаний ты в нас зажигаешь!

А.К. АНИПИНА,
старший преподаватель кафедры китаеведения

УНИВЕРСИТЕТІМЕ АРНАУ


Университетіме 80 жыл толды міне,
Ғылым мен білім орда мекеніне.
Бір өзіңе арнаймын
өлең шумағымды
Көңіліме ұялайды күннің
шуақ үні.

Ғашық қылдың өзіңе
бір көргеннен,
Шынайы сезімдерге
бөледің сен.
Көңілім құлазиды, алаңдайды
Өзіңді күніне бір
көрмесем мен.

Киелі қабырғанда кемеңгер
ұстаздар көп,
Көзінде әрбірінің жалынды от.
Маңызды дәрістер оқылғанда
Студенттер тыңдайды құштарлана.

Алғысым шексіз өзіңнен
білім алғаным,
Адаспай есіңді ашқаным.
Талайлардың көңіліне
от шарпытып,
Өмірден өз орнын тапқаным.

А.Е. СЕРІКҚАЛИЕВА,
қытайтану кафедрасының
аға оқытушысы



Білімнің Хан Мәңірі!

Алматы – мәңгі жастықтың қаласы. Ал, ҚазҰУ – жастар қалашығы. Әсіресе тәуелсіздікпен бірге ерекше сұлуланып, жаңарып, жайнап сала берген, қалашықта бой көтерген бірінен-бірі өткен әсем ғимараттар көркіне көрік қосады. Өмірінің ең қызықты кезеңінің куәсі болған, «таң атқанша таласып ұйықтамайтын, арманы мол студенттік шағы өткен» қасиетті мекенге 20 жылдан соң кездесуге оралған аға-апаларымыз танымастай түлеген қалашықтарын көріп таңдай қақты. Қала ішіндегі қалашықтан жылма-жыл талай дарын білім алып, талай талант түлеп ұшуда. Жандары жаңашылдықты қалайтын жалынды жастар, сапалы білімді санасына сіңірген сан түрлі студент еліміздегі ең үздік оқу ордасы ҚазҰУ-да өз болашағын жолға қойып, арман -мақсаттарының орындалуы үшін білім алуға. Олардың алаңсыз білім алуына, спортты сүйене, өнерін өрістетуіне барлық жағдай жасалған. Әл-Фараби бабамыздың рухымен қуаттанған университет ұжымы осы күнге дейін тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл шет елдерге танылды. ҚазҰУ-дың 80 жылдық өмір

жолында қалыптасқан дәстүрлері, ұлы ұстаздарының есімдері мен атқарған істері ұлы шаңырақтың, яғни еліміздегі жасампаз оқу орнының басынан кешкен тарихы ретінде баяндалады. Біздің ҚазҰУ-да қазақтың небір қасқа мен жайсаңдарының рухы бар. Мәселен, бір ғана Ұлы Мұхтар-Мұхтар Әуезовті атасақ... Бір өзі бүкіл бір ұлттың болашағына алаңдап, «Ел боламын десең, қазақ, бесіңді түзе!» демеді ме? Заңғар тұлғаның қалдырған мәңгілік ізі мен дәріс берген даусы бүкіл қалашықта өзіндік қуатымен жаңғырып тұрғандай. Бүгінде ел мақтанышына айналған тұлғалардың көбісі дерлік осы оқу ордасының біліммен сусындап, қанаттанды. Талай профессор, ғалымдардың дәрістерін тыңдап, өз болашақтары үшін өнегелі тәрбие ала білді. Осы еңбегінің арқасында, мыңдаған таланттардың талпынысының нәтижесінде ҚазҰУ-дың дәрежесі жоғары, мәртебесі биік. Алайда бұл жетістіктер оңайлықпен келмегені анық. Арада өткен 80 жыл ҚазҰУ-дың өсіп-өркендеуі үшін тарихи кезеңге айналды. Осы 80 жылдық тарихында киелі қарашаңырақ қазақ

ғылымының барлық саласының дамуына теңдессіз үлес қосты.

Иә, 80 жыл! Биыл біз үшін, жалпы қазуулықтар үшін айрықша жыл. Киелі қарашаңырақта үлкен той, үлкен мереке. Осы мерекеге орай қызу дайындықтар жүргізілуде. Түрлі шаралар мен байқаулар тек осы мерейтойға арналмақ. Университетіміздің білікті де білімді, белсенді студенттерінің көмегімен айтулы мерекені жоғары дәрежеде өткіземіз деген сенімдемін. Белсенді студенттерден құралған студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, соның ішінде өзім мүшесі болып саналатын Студенттер сенаты мерекеге зор үлесін қоспақ. ҚазҰУ-дың 80 жылдығымен тұспа-тұс келген ҚазҰУ Студенттер сенатының 5 жылдық мерейтойымен де құттықтағым келеді. Достық пен махаббаттан құралған ұйым белсенді жастардың басын біріктіріп, жыл сайын даму үстінде. Сенаторлар, біз бағындырар белестер әлі алда!

Исатай АҚҚАЛЫШ,
журналистика факультеті

Асқақ білім ордасына - 80 Жыл

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасынан білім алып, өз болашағын пайымдаған сан мың адам елімізге, қоғамға қалтқысыз қызмет етуде. Айтулы мемлекет және қоғам қайраткерлері де осынау білім ошағаның түлектері. Қаншама әйгілі академиктер мен ғалымдар да осы киелі оқу орыннан өз білімдерін ұштап, әлемге танылып, дүние жүзін мойындатуда.

Бүгінде 80-ге толған осындай тарихы терең, келешегі де кемел аталмыш университеттің студенті атануымыз кім көрінгенге қона бермейтін бақыт екенін біз де терең сезінеміз.

Күн сайын арайлы таңмен таласып, күлімдеп батқан күнмен аяқтасатын қарбалас та қауырт іс-шаралар бізге өз мамандығымызбен қатар қоғамдық жұмысқа белсене араласуға, жеке мүмкіндіктеріміз бен тылсым дүниелеріміздің ашылуына, әрісі болашағымызға да бағдар сілтеуге жол ашады.

Университеттен білім алып жүрген механика-математика факультетінің студенттері де қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

Айдай әлемге әйгілі асқақ білім

ордасының мерейтойымен барша ұстаздарымыз бен әріптестерімізді шынайы көңілмен құттықтай отырып, төмендегі жыр шумақтарын тойымызға тарту етуді құп көрдік. Киелі мекенде білім алып жатқан құрбы-құрдастарымыз ізгілік пен құндылықтарымызды қадірлеп-қастерлей білсе, еліміз үшін де қоғам үшін де аса пайдалы деп білеміз.

Шапағат тауып, нұрдан-нұр,
Шуақ шашып, жырдан-жыр.
80-ге толған ҚазҰУ-ды,
Әуезді әнмен нұрландыр!

Білім нәрін, құйған бір,
Ұстаздарды сыйлап жүр.
Жақсы студент атанып,
Жақсы ісіңмен, нұрландыр!

Шәкірттердің білімді,
Бойы толған иман-нұр.
(Зердесі жоқ кей құрбым,
Осы жағы қинап жүр).

Келіп-кетіп, құрдан-құр
Өзін-өзі қинап құр,
Студент болса, кешіріп,
Демеу беріп, нұрландыр!

Жұмыс тауып, қызған бір,
Айналанды нұрландыр!
Жаңалық тауып, бәйге алып,
Жалқауларды қызғандыр!

ҚазҰУ жайлы жырлап жыр,
Босқа жүрмей, құрдан-құр,
Қане, достар, ізденіп,
Оқу орнын нұрландыр!

Жатыр онда терең сыр.
Теріп гүлдер, қырдан-қыр,
80-ге толған ҚазҰУ-ды
Гүл шоғымен нұрландыр!

Қаруланып, біліммен,
Барша жұртты иландыр!
Қане, жастар, желпініп,
Айналанды нұрландыр!

С. МЫРЗАҚҰЛОВА,
механика-математика факультетінің

2-курс студенті

Б. РЫСБАЙ,

мемлекеттік тіл кафедрасының доценті

В эти дни в КазНУ проходят соревнования по шахматам, волейболу, баскетболу, бадминтону и бегу, посвященные 80-летию университета

